

Пошта туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 46-баптан қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесімен", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелердің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесімен", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстыру көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді және қоғамдық қатынастарды реттейді, пошта қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, пошта саласындағы мемлекеттік органдардың құзыретін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абонементтік жәшік – пошта жөнелтілімдерінің жекелеген түрлерін алуға арналған, адресаттардың пайдалануы үшін пошта операторларының өндірістік объектілерінде орнатылатын арнаулы жәшік;

2) абоненттік пошта жәшігі – адресаттардың пошта жөнелтілімдерін алуы үшін ғимараттарда, тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда), жеке тұрғын үйлерде орнатылатын, ұяшықтары бар арнайы шкаф;

3) адресат (алушы) – пошта жөнелтілімі немесе пошталық ақша аударымы бағытталған, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы;

3-1) арнайы пошта байланысы – Ұлттық пошта операторының құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын және заңмен қорғалатын кез келген құпия және

құндылықтар, оның ішінде қымбат бағалы металдар, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдар қамтылған пошта жөнелтілімдерін, арнайы және өзге де жөнелтілімдерді қабылдауды, өңдеуді, қорғауды, тасымалдауды және жеткізуді (табыс етуді) қамтамасыз ететін курьерлік пошта байланысының түрі;

4) атаулы құрылғы – құжаттар мен пошта жөнелтілімдеріне пошта операторының, оның өндірістік объектісінің атауы, сондай-ақ пошта операторы айқындаған өзге де ақпарат көрсетілген бедерлерді салуға арналған құрылғы;

5) бандероль – мөлшері, массасы және буып-түю тәсілі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес көзделген, ішіне баспа басылымдары, іскерлік қағаздар, құжаттар және басқа да заттар салынған тіркелмейтін және тіркелетін пошта жөнелтілімі;

6) гибридтік жөнелтілім – пошта операторы жіберуге қабылдаған және адресатқа хат (пошта карточкасы) түрінде жеткізілетін электрондық хат (хабар) не пошта операторы жіберуге қабылдаған және адресатқа электрондық поштаға немесе электрондық абоненттік пошта жәшігіне электрондық хат (хабар) нысанында жеткізілетін хат;

7) гибридтік жөнелтілімді жіберу бойынша көрсетілетін қызмет – пошта операторының гибридтік жөнелтілімді қабылдау, өңдеу, жеткізу және (немесе) табыс ету бойынша қызметі;

8) Дүниежүзілік пошта одағы – аумақтары халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өзара алмасу үшін біртұтас пошта аумағын құрайтын мүше елдерден тұратын, мақсаты пошта байланыстарын ұйымдастыру мен жетілдіруді қамтамасыз ету және осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылатын халықаралық ұйым;

9) Дүниежүзілік пошта одағының актілері – Дүниежүзілік пошта одағының Конгресінде оның Жарғысына сәйкес қабылданатын құжаттар;

10) жазбаша хат-хабар – тіркелмейтін және тіркелетін хаттар, пошта карточкалары, бандерольдер және ұсақ пакеттер;

11) жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдарын тарату – пошта операторының бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесімен немесе оның өкілімен жасалған шарт негізінде мерзімді баспасөз басылымына жазылуды, оның ішінде интернет-ресурсты пайдалана отырып қабылдау және мерзімді баспасөз басылымын қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыға жеткізуді жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметті ұсынуы;

12) жауап қайтарылатын халықаралық коммерциялық хат-хабар – Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес ресімделген, жөнелтуші алдын ала ақысын төлеген қайтарылатын пошта жөнелтілімін қамтитын пошта жөнелтілімі;

13) жеделдетілген пошта байланысының көрсетілетін қызметтері – пошта жөнелтілімдерін жедел өңдеу, тасымалдау, жеткізу және (немесе) табыс ету режиміндегі пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер;

14) жөнелтуші – пошта жөнелтілімін немесе ақшаны жіберу үшін оларды пошта операторына беретін, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы;

15) жіберілім – мөлшері, массасы және буып-түю тәсілі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес көзделген, нәрселер, заттар мен тауарлар салынған тіркелетін пошта жөнелтілімі;

16) курьер – тіркелетін пошта жөнелтілімін өндірістік объектілерден тыс жерлерде жөнелтушіден қабылдайтын және пошта жөнелтілімін пошта жөнелтілімінде көрсетілген мекенжай бойынша табыс ететін пошта операторының жұмыскері немесе пошта операторымен жасасқан шарты бар жеке тұлға;

17) курьерлік пошта байланысының көрсетілетін қызметтері – курьер көрсететін, тіркелетін пошта жөнелтілімдерін қабылдау, тасымалдау және табыс ету бойынша көрсетілетін қызметтер;

17-1) құндылығы жарияланған пошта жөнелтілімі – пошта жөнелтілімі (пошта карточкасынан басқа), оны беру кезінде жөнелтуші оның құнын пошта саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен растаушы құжаттарды ұсыну арқылы жариялайды;

18) операциялық күн – пошта операторы пошталық көрсетілетін қызметтер ұсынатын жұмыс уақыты;

19) өндірістік объект – пошта операторының пошта саласындағы қызметті жүзеге асыруына арналған және сол үшін жабдықталған ғимарат, ғимараттағы үй-жай;

20) пошта – пошта операторларының Қазақстан Республикасының аумағында Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне және осы Заңға сәйкес көрсетілетін қызметтер кешенін ұсынуын және өзге де қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін байланыс түрі;

21) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері – байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің құрамына кіретін, кез келген елді мекенде көрсетілген мерзімде белгіленген сапада және осы көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін баға деңгейінде пошта операторының көрсетілетін қызметтерін кез келген пайдаланушыға көрсетілетін қызметтер;

22) пошта байланысының көрсетілетін қызметтері – пошта операторының тіркелетін және тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерін, пошталық ақша аударымдарын, гибридтік жөнелтілімдерді жіберу, мерзімді баспа басылымдарын тарату, пошта төлемі белгілерін және филателиялық өнімдерді өткізу бойынша қызметі;

23) пошта байланысының құралдары – пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін қолданылатын техникалық құралдар, жабдық және технологиялар;

24) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) пошта желісі – пошта операторы пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезінде пайдаланылатын өндірістік объектілер мен пошта маршруттарының жиынтығы;

26) пошта жөнелтілімдері – пошта операторы жіберуге қабылдаған жазбаша хат-хабар, жіберілімдер;

27) пошта жөнелтілімін жеткізу – пошта жөнелтілімін межелі жердегі өндірістік объектілерден абонементтік жәшікке немесе абоненттік пошта жәшігіне немесе жөнелтуші көрсеткен өзге де мекенжай бойынша апару;

28) пошта жөнелтілімін жіберу – пошта жөнелтілімін қабылдау, өңдеу, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету операцияларының жиынтығы;

29) пошта жөнелтілімін қабылдау – жөнелтушіден қабылданған пошта жөнелтілімін одан әрі тасымалдау үшін пошта операторының ресімдеуі;

30) пошта жөнелтілімін өңдеу – пошта жөнелтілімдерін тасымалдауға дайындауды қамтамасыз ететін, олармен жасалатын өндірістік операциялар;

31) пошта жөнелтілімін табыс ету – пошта жөнелтілімін адресаттың өзіне немесе оның заңды өкіліне немесе сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген адамына не парольді (пин-кодты) енгізу немесе штрих-кодты сканерлеу жолымен құқықты растау процесі арқылы адресаттың келісімін алу жолымен үшінші тұлғаларға беру;

32) пошта жөнелтілімін тасымалдау – пошта жөнелтілімін жеткізу және (немесе) табыс ету үшін пошта жөнелтілімін жөнелту пунктінен межелі жердегі өндірістік объектілерге дейін апару (тасымалдау);

33) пошта индексі – пошта жөнелтілімін немесе пошталық ақша аударымын жіберуді жылдамдату мақсатында жылжымайтын мүлік объектілеріне оларды әкімшілік-аумақтық сәйкестендіру және жүйелендіру үшін берілетін, мекенжайдың шартты цифрлық және әріптік белгіленуі;

34) пошта карточкасы – арнаулы стандартты бланкіге жазбаша хабар жазылған, тіркелмейтін немесе тіркелетін пошта жөнелтілімі;

35) пошта қызметі – пошта желілері арқылы пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну;

36) пошта қызметі субъектілері – пошта операторлары және пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар;

37) пошта операторы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, пошта қызметі саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

38) пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы – пошта операторы ұсынатын, оның ішінде пошта операторымен өзі жасасқан шарттар негізінде ұсынылатын көрсетілетін қызметтерді тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

39) пошта саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік бақылауды, қызметті үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

40) пошта төлемінің белгілері – пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын, пошта операторы жазбаша хат-хабар жөнелтілімдеріне жапсыратын белгілер, оның ішінде пошта маркалары, блоктар, маркалы конверттер және (немесе) пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері, электрондық және өзге де белгілер;

41) пошта төлемінің мемлекеттік белгілері – айналымға уәкілетті орган енгізетін, Ұлттық пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын пошта маркалары, блоктар, маркалы конверттер және (немесе) пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері, электрондық және өзге де белгілер;

42) пошта штемпелі – құжаттар мен пошта жөнелтілімдеріне: пошта жөнелтілімін қабылдауды жүзеге асырған өндірістік объектінің атауы, пошта жөнелтілімінің жөнелтілу орны, қабылданған күні мен уақыты; пошта жөнелтілімін алуды жүзеге асырған өндірістік объектінің атауы, межелі жері, алынған күні мен уақыты; пошта жөнелтілімін жеткізген және (немесе) табыс еткен өндірістік объектінің атауы, жеткізілген және (немесе) табыс етілген күні мен уақыты көрсетілген бедерлерді салуға арналған құрылғы;

43) пошталық ақша аударымы – осы Заңға және Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес жөнелтушінің адресатқа ақша жіберуге арналған тапсырмасын пошта операторының орындауы бойынша пошта байланысының көрсетілетін қызметі;

44) пошталық құпия – пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың пошталық мекенжайы, дербес деректері, пошта жөнелтілімдері, олардың ішіндегісі мен орналасқан жері туралы мәліметтер;

45) пошталық мекенжай (бұдан әрі – мекенжай) – пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымын жеткізу және (немесе) табыс ету үшін пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы айқындайтын жер;

46) поштамат – пошталық ақша аударымын қоспағанда, пошта жөнелтілімдерін қабылдауға, жіберуге, сақтауға, жеткізуге (табыс етуге) және алуға арналған автоматтандырылған құрылғы;

47) пошташы – пошта операторымен еңбек қатынастарында тұратын, жөнелтушіден пошта жөнелтілімдерін қабылдауды, сондай-ақ пошта жөнелтілімін жеткізуді және (немесе) табыс етуді жүзеге асыратын жұмыскер;

48) сәйкестендіру – қызметтер көрсету үшін қажетті, ұсынылған мәліметтерді жеке тұлға туралы мәліметтермен салыстыру рәсімі;

49) тағайындалған оператор – пошта байланысының қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Дүниежүзілік

пошта одағының актілерінен туындайтын, өздеріне қатысты міндеттемелерді орындау үшін уәкілетті орган тағайындайтын пошта операторы;

50) тариф – пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мөлшері;

51) тіркелетін пошта жөнелтілімі – пошта жөнелтіліміне пошталық тіркеу нөмірін (сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-код) беріле отырып, жөнелтушіге қағаз жеткізгіште не электрондық нысанда растау құжаты беріліп қабылданатын және қол қойғызып не осындай табыс етуді өзге де тәсілмен растайтын автоматтандырылған (электрондық) құрылғыларды, жабдықты, ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып табыс етілетін жазбаша хат-хабар, сәлем-сауқат;

52) тіркелмейтін пошта жөнелтілімі – жөнелтушілерге қабылданғаны туралы түбіртек берместен (пошталық тіркеу нөмірін, сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-код берместен) өндірістік объектілер арқылы қабылданатын және қолхат алмай жеткізілетін жазбаша хат-хабар;

53) ұлттық пошта желісі – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында әрекет ететін, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға сол арқылы қызметтер ұсынылатын Ұлттық пошта операторының пошта желісі;

54) Ұлттық пошта операторы – осы Заңда көзделген міндеттемелер жүктелген, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, пошта саласындағы уәкілетті орган айқындайтын пошта операторы;

55) үстеме төлемді пошта жөнелтілімі – беру кезінде жөнелтуші пошта операторына адресаттан өзі белгілеген ақша сомасын (үстеме төлем сомасын) алуды және оны жөнелтушінің мекенжайына жіберуді тапсыратын пошта жөнелтілімі;

56) филателиялық өнім – коллекция объектілері болып табылатын, пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін және филателиялық өнімді шығару, өткізу қағидаларына сәйкес пошта айналымынан алынған пошта төлемінің мемлекеттік белгілері;

57) франкирлеу машинасы – жазбаша хат-хабарға пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін, жазбаша хат-хабардың және басқа да ақпараттың қабылданған күнін растайтын бедерлер салуға арналған құрылғы;

58) халықаралық қайтарым купоны – Дүниежүзілік пошта одағы айналымға енгізетін, Дүниежүзілік пошта одағына мүше кез келген елде пошта маркаларына айырбастауға жататын, әуе көлігімен жіберілетін, массасы жиырма грамға дейінгі жай халықаралық хаттың ең төмен ақысын білдіретін құжат;

59) халықаралық пошта алмасу орны – халықаралық кіріс және шығыс пошта жөнелтілімдерін өңдеу жүзеге асырылатын, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары көрсетілген жөнелтілімдерге кедендік бақылау жүргізетін өндірістік объект;

60) халықаралық пошта жөнелтілімі – Қазақстан Республикасы аумағының тыс жерлерге жіберу үшін қабылданатын, Қазақстан Республикасының аумағына келіп түсетін не Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін пошта жөнелтілімі;

61) хат – мөлшері, массасы және буып-түю тәсілі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес көзделген, жазбаша хабарламамен және басқа да ұсақ заттармен бірге жіберілетін, тіркелмейтін және тіркелетін пошта жөнелтілімі;

62) ішкі пошта жөнелтілімі – Қазақстан Республикасының аумағы шегінде жіберу үшін қабылданатын пошта жөнелтілімі;

63) электрондық абоненттік пошта жәшігі – электрондық пошта мекенжайы болып табылатын және электрондық хаттарды (хабарламаларды), құжаттарды, ақпараттарды және (немесе) гибридік жөнелтілімдерді беру және оларды сақтау үшін пошта операторының, Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесінде құрылатын, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының домендік атауы;

64) электрондық хат (хабар) – телекоммуникациялар желісін, интернет немесе электрондық жеткізгіштерді пайдалана отырып, электрондық нысанда жіберілетін ақпарат.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының аумағында пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға, сондай-ақ пошта саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидалары

1. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары пошта байланысы саласын дамыту, пошта байланысы саласындағы көрсетілетін қызметтер нарығын реттеу және кеңейту болып табылады.

2. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында пошта қызметін қалыптастыру мен дамыту, көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну және оларды іске асыруды ұйымдастыру;

2) пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінің пошта айналымы жөніндегі қызметті реттеу.

3. Пошта байланысы саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) пошта байланысы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуы;

2) Қазақстан Республикасының аумағында пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға көрсетілетін пошта байланысы қызметтерінің қолжетімді болуы;

3) пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін пошта операторларының сақтауы;

4) Қазақстан Республикасының аумағында пошта жөнелтілімдері қозғалысының және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық пошта жөнелтілімдері транзитінің еркіндігі;

5) көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну және осы қызметтің нәтижелерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;

6) пошта құпиясын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасында ұлттық пошта желісінің дамуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

8) пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға пошта байланысының қызметтерін көрсету кезінде пошта операторлары үшін пошта байланысы саласындағы қағидалар мен талаптар бірлігі.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. ПОШТА САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

5-бап. Пошта саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік функцияларды, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады;

1-1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз

етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пошта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пошта байланысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) Қазақстан Республикасында пошта индекстерін беру жөніндегі қағидаларды бекітеді;

8) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсатында пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекітеді;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өкілеттіктер шегінде әрекет етеді, басқа мемлекеттермен, халықаралық одақтармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл кезінде Қазақстанның пошта байланысы саласындағы мүдделерін білдіреді және қорғайды;

12) алып тасталды - ҚР 28.12.2017 № 128-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидаларын бекітеді;

14) операторды тағайындайды және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алады;

15) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

16) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын бекітеді;

17) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштерін бекітеді;

22) пошта операторларының қызметтер көрсетуіне қажетті және жеткілікті, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың дербес деректерінің бірыңғай тізбесін бекітеді;

23) Ұлттық пошта операторын айқындайды;

23-1) Ұлттық пошта операторының ауылдық елді мекендерде көрсететін мемлекеттік қызметтері бойынша шығындарды өтеу қағидаларын бекітеді;

24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері:

1) пошта операторларына өздерінің аумақтарына өндірістік объектілерді орналастыруында жәрдем көрсетеді;

2) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында пошта байланысының тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдеседі, оның ішінде қажет болған кезде пошта байланысы бөлімшелерін сақтау жөніндегі шараларды қабылдайды;

3) кондоминиум объектілерін басқару органдарымен, тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың меншік иелерімен олардың абоненттік пошта жәшіктерін қамтамасыз етуі және оларды тиісінше пайдалану жөнінде жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Пошта саласындағы құпияны қамтамасыз ету

1. Мемлекет әрбір пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыға пошта құпиясы құқығына кепілдік береді. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана осы құқықты шектеулерге жол беріледі.

2. Пошта саласындағы құпия пошта құпиясы және банк құпиясы болып бөлінеді. Пошта құпиясын және банк құпиясын сақтау және қамтамасыз ету жөніндегі талаптар осы Заңда және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

3. Пошта операторлары пошта саласындағы құпияны қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, пошта жөнелтілімдерін ашу процесіне қатысқан пошта операторларының жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, пошта құпиясын сақтаумен байланысты ақпаратты жариялауға құқылы емес.

4. Пошта саласындағы құпияның бұзылуына жол берген пошта операторларының лауазымды адамдары мен басқа да жұмыскерлері, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

5. Пошта жөнелтілімдерін қарап-тексеруді, алуды және тыйым салуды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ғана соттар, құқық қорғау органдары және арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

7-бап. Пошта операторларының жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдармен өзара іс-қимылы

1. Қазақстан Республикасының аумағында пошта қызметін жүзеге асыратын пошта операторлары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес пошта байланысы желілерінде жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдарға барлық пошта байланысы желілерінде жедел-іздістіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктерін, пошта операторы көрсететін қызметтерді пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларды жүргізудің нысандары мен әдістерін ашуға жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Уәкілетті орган ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша жедел-іздістіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу мақсаттары үшін пошта байланысы желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пошта

желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезіндегі өзара іс-қимыл жасау қағидаларын айқындайды.

Пошта операторлары пошта желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді, дербес деректер туралы ақпарат жинауды және сақтауды қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен жабдықты орнатуға міндетті. Дербес деректер туралы ақпаратты сақтау мерзімі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында айқындалады.

2. Пошта операторларының жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдармен өзара қарым-қатынастары "Жедел-ізвестіру қызметі туралы", "Қарсы барлау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Заңмен реттеледі.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

8. Пошта саласында көрсетілетін қызметтерге тарифтер

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, пошта саласында көрсетілетін қызметтерге тарифтерді пошта операторлары негізделген шығындар негізінде өзі дербес белгілейді.

2. Пошта саласындағы субсидияланатын әмбебап көрсетілетін қызметтерге бағалардың шекті деңгейін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен уәкілетті орган реттейді.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. ПОШТА САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

9-бап. Пошта саласындағы қызмет

1. Қазақстан Республикасында пошта саласында мынадай қызмет түрлері:

- 1) пошта қызметі;
- 2) осы Заңға сәйкес пошта саласындағы өзге де қызмет қолданылады.

2. Пошта қызметіне мынадай пошта байланысының көрсетілетін қызметтері жатады

:

- 1) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері;
- 2) тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер;
- 3) пошта байланысының жеделдетілген және курьерлік көрсетілетін қызметтері;
- 4) пошталық ақша аударымдары;

5) жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдарын тарату және бөлшек саудада сату бойынша көрсетілетін қызметтер;

6) пошта төлемінің белгілерін және филателиялық өнімді өткізу бойынша көрсетілетін қызметтер;

7) гибридітік жөнелтілімді жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер;
8) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы пошта байланысының көрсетілетін қызметтері;

9) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерімен тығыз байланыста ұсынылатын өзге де көрсетілетін қызметтер.

3. Пошта саласындағы өзге де қызметке:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген банк операциялары, қаржылық көрсетілетін қызметтер;

2) тауарларды (жүктерді) тасымалдау, өңдеу, қоймаға жинау және сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тапсырма және (немесе) комиссия шарты жағдайларында заңдық әрекеттерді жасау;

4) зейнетақыларды, жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

9-1-бап. Арнайы пошта байланысы қызметі

1. Арнайы пошта байланысы қызметі арнайы пошта байланысы арналары арқылы арнайы жөнелтілімдер жіберілген кезде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі айрықша жарғылық міндеттерді орындайды.

2. Арнайы пошта байланысы қызметі Ұлттық пошта операторының бірыңғай құрылымдық бөлімшесі болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсынады.

3. Арнайы пошта байланысы қызметінің жеке құрамы Ұлттық пошта операторы бекіткен нысанды киім үлгілеріне сәйкес нысанды киіммен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қарумен, арнайы қорғау және байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

4. Арнайы пошта байланысы қызметінің ұйымдастырушылық қызметін, сондай-ақ арнайы пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну тәртібін және көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, арнайы пошта байланысы қызметінің қызметкерлері тасымалдайтын арнайы жөнелтілімдер жете тексеруге және кідіруге жатпайды.

Ескерту. 3-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері

1. Пошта операторы пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынған кезде өндірістік объектілерде қабылданған және пошта жөнелтілімін

тапсырғаны туралы қолхат алмай жеткізілетін, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерін жіберу жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

Пошта операторының пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынуы уәкілетті орган бекіткен, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің қолжетімділігіне, сапасына және ұсынылу бағасына деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын талаптар белгіленетін, пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтеріне:

1) тіркелмейтін хатты жіберу бойынша көрсетілетін қызмет;

2) жаздырып алынатын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату бойынша көрсетілетін қызмет жатады.

3. Тіркелмейтін пошта жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының аумағы бойынша да, оның шегінен тыс жерлерге де жіберуге қабылданады. Тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерімен жіберілетін нәрселер мен заттарға қойылатын талаптар пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында айқындалады.

4. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік заңды тұлғалар арасында тіркелмейтін пошталық жөнелтілімдерді жіберуге, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға тіркелмейтін пошта жөнелтілімдері түріндегі жазбаша жауаптар жолдауға тыйым салынады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер

1. Тіркелетін пошта жөнелтілімін жіберу пошта жөнелтілімінің қабылданғанын құжаттық не электрондық растау, пошта жөнелтіліміне пошталық тіркеу нөмірін (сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-код) бере отырып, жөнелтушіге қағаз жеткізгіште не электрондық нысанда растау құжатын беру, сондай-ақ пошта жөнелтілімін қол қойғызып не осындай табыс етуді өзге де тәсілмен растайтын автоматтандырылған (электрондық) құрылғыларды, жабдықты, ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып табыс ету арқылы жүзеге асырылады.

2. Тіркелетін пошта жөнелтілімдеріне: хат (тапсырысты, құндылығы жарияланған), пошта карточкасы (тапсырысты), бандероль (тапсырысты, құндылығы жарияланған), ұсақ пакет (тапсырысты, құндылығы жарияланған), жіберілімдер (жай, құндылығы жарияланған) жатады.

Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша көрсетілетін қызметке енгізілетін пошта жөнелтілімдерінің түрлері мен санаттарының қосымша тізбесі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленеді.

Тіркелетін пошта жөнелтілімі қайтарым мекенжайы міндетті түрде көрсетіле отырып, қабылданады.

3. Тіркелетін пошта жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының аумағы бойынша да, оның шегінен тыс жерлерге де қабылданады. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерімен жіберілетін нәрселерге, заттар мен тауарларға қойылатын талаптар пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының көрсетілетін қызметтері

1. Пошта операторының жеделдетілген және (немесе) курьерлік пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну бойынша қызметі пошта жөнелтілімдерін жедел (экспресс) өңдеу, тасымалдау, жеткізу және (немесе) табыс ету ескеріле отырып және (немесе) осындай пошта жөнелтілімдерін курьердің тасымалдауы және табыс етуі ескеріле отырып, оларды жіберуден тұрады.

2. Жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының көрсетілетін қызметіне:

- 1) пошта жөнелтілімдерін қабылдау;
- 2) пошта жөнелтілімдерін өңдеу, сұрыптау, сақтау, тасымалдау және жеткізу;
- 3) пошта жөнелтілімдерін табыс ету;
- 4) жөнелтушіні пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабардар ету кіреді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Пошталық ақша аударымы

1. Пошталық ақша аударымы тіркелетін пошта жөнелтілімі болып табылады. Пошталық ақша аударымының тәртібі мен оған қойылатын талаптар, сондай-ақ пошта жөнелтілімі бланкісінің нысандары пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының ішінде жіберілетін пошталық ақша аударымының сомасы, егер Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектелмейді. Пошталық ақша аударымдары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес басқа валюталарда қабылданады.

Пошталық ақша аударымдарын шетел валютасында жүзеге асырған кезде, жөнелтуші (алушы) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес қосымша мәліметтер мен құжаттарды табыс етеді.

3. Пошталық аударымдарды жүзеге асыру үшін ақшаны қабылдау қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүргізіледі. Қолма-қол ақшасыз тәсіл кезінде пошталық ақша аударымы пошта операторының банктік шотына ақша және комиссиялық сыйақы сомасы келіп түскеннен кейін жүргізіледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдарын тарату

1. Жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдарын тарату жөніндегі қызметтерді пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға ұсыну пошта операторы бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесімен немесе оның өкілімен пошта операторының жаздырып алу каталогіне мерзімді баспа басылымын енгізу жөнінде шарт жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.

Пошта операторы жаздырып алудың бірыңғай каталогін қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жүргізеді, онда мерзімді баспа басылымдарының таратылу аумағына қарай республикалық, жергілікті және шетелдік мерзімді баспа басылымдары жөніндегі бөлімдер қамтылуға тиіс.

2. Жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдарын тарату мына кезеңдерден тұрады:

1) бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесімен немесе оның өкілімен мерзімді баспа басылымдарын таратуға, сондай-ақ пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыдан тапсырысты қабылдауға және жаздырып алуды ресімдеуге, оның ішінде интернет-ресурсты пайдалана отырып ресімдеуге және мерзімді баспа басылымдарына пошта операторы қабылдаған жаздырып алу бойынша ақпаратты өңдеуді жүзеге асыруға шарт жасасу;

2) пошта операторының мерзімді баспа басылымдарын қабылдауы, өңдеуі, тасымалдауы, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыға жеткізуі не мерзімді баспа басылымын пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының электрондық абоненттік пошта жәшігіне электрондық нысанда жіберуі.

3. Республикалық, жергілікті және шетел мерзімді баспа басылымдарына жазылуды пошта операторы немесе пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы өндірістік объектілер немесе интернет-ресурстар арқылы жүзеге асырады. Жаздырып алынатын республикалық мерзімді баспа басылымдарын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тарату масс-медиа саласындағы уәкілетті орган беретін құжатқа сәйкес жүзеге асырылады, ал жергілікті мерзімді баспа басылымдарын тарату облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары беретін тиісті құжатта көрсетілген облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жүзеге асырылады.

4. Жаздырып алынатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын тарату " Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес масс-медиа саласындағы уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары беретін Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу туралы құжатта көрсетілген аумақта жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 94-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Мерзімді баспа басылымдарын бөлшек сауда арқылы сату

1. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға мерзімді баспа басылымдарын бөлшек сауда арқылы сату жөніндегі қызметтерді ұсынуды пошта операторы бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иесімен немесе оның өкілімен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

2. Шетелдік мерзімді баспа басылымдарын бөлшек сауда арқылы сатуды пошта операторы "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес масс-медиа саласындағы уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары беретін Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу туралы құжатта көрсетілген аумақта жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 94-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Пошта төлемінің белгілерін өткізу

1. Пошта төлемінің белгілері пошта операторының жазбаша хат-хабарды жіберу жөніндегі қызметтеріне қолданыстағы тарифтерге сәйкес ақы төленгенін растауға арналған. Пошта төлемінің белгілерін қолдану жазбаша хат-хабар жөнелтілімдеріне ғана жүзеге асырылады.

2. Пошта операторы, пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, уәкілетті органмен келісілген пошта төлемінің белгілерін пайдаланады.

3. Пошта операторлары Қазақстан Республикасының аумағында ішкі және халықаралық жазбаша хат-хабарды жіберуді пошта төлемінің белгілері болған кезде ғана жүзеге асырады.

4. Сатылған пошта төлемінің белгілері, оның ішінде мемлекеттік белгілер қайтарылуға және ауыстырылуға жатпайды.

5. Пошта жөнелтілімінде пошта төлемінің белгілері болмаған немесе белгіленген тариф ішінара төленген кезде, пошта операторы мұндай пошта жөнелтілімін жөнелтушіге қайтарады.

6. Ластанған, бүлінген, пайдаланылған (өтелген), айналымнан алынған пошта төлемінің белгілері, сондай-ақ басқа мемлекеттердің пошта төлемінің белгілері пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін төлеу үшін қабылданбайды.

7. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерінің төленгенін растайтын пошта төлемінің сатып алынған белгілері пошта төлемінің осы белгісін айналымға шығарған пошта операторында пайдаланылуға тиіс.

8. Пошта операторларына тиесілігіне қарай пошта төлемінің белгілерін сәйкестендіру мақсатында пошта төлемі белгілерінің оң жағында пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінен басқа пошта операторының атауы болуға тиіс.

17-бап. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілері және филателиялық өнім

1. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін айналымға енгізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілеріне қойылатын талаптарды уәкілетті орган Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес айқындайды. Мемлекеттік пошта төлемі белгілерінің түрлерін және көлемдерін бекіту, пошта айналымына енгізу және оларды айналымнан алу тәртібі, сондай-ақ жасауды, шығаруды және өткізуді ұйымдастыру уәкілетті орган бекітетін пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін және филателиялық өнімді шығару, өткізу қағидаларында айқындалады.

3. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін жасаудың, шығарудың және өткізудің ұйымдастырылуын Ұлттық пошта операторы жүзеге асырады.

4. Заңсыз шығарылған пошта төлемінің мемлекеттік белгілері айналымынан қорғану мақсатында Ұлттық пошта операторы Дүниежүзілік пошта одағына мүше елдердің төлнұсқа маркалары тізіліміне енгізу үшін әрбір жаңа шығарылымның және әрбір номиналдың үш пошта маркасын қажетті ақпаратпен бірге (шығарылған күні, техникалық сипаттамасы және басқа да қажетті деректер) Дүниежүзілік пошта одағының атына жіберіп отырады.

5. Уәкілетті орган Ұлттық пошта операторының ұсынысы бойынша филателиялық өнім ретінде қолдану мақсатында пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін пошта айналымынан алуды жүзеге асырады.

6. Пошта төлемінің мемлекеттік белгісінің пошта айналымы оны айналымға енгізген күннен кейін кемінде екі жыл жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Гибридтік жөнелтілімді жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер

1. Пошта операторының гибридтік жөнелтілімді жіберу бойынша қызмет көрсетуі жөнелтілімді кейінгі кезеңде хат (пошталық карточка) түрінде жеткізілетін, бастапқы кезеңде ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды және басқа да электрондық жеткізгіштерді қолдану арқылы электрондық хат (хабар) нысанында жіберу не кейінгі

кезенде электрондық поштаға немесе электрондық абоненттік пошта жәшігіне ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды және басқа да электрондық жеткізгіштерді қолдану арқылы электрондық хат (хабар) нысанында жеткізілетін хатты (пошталық карточканы) бастапқы кезеңде жіберу арқылы жүзеге асырылады.

2. Жөнелтушілерден электрондық хаттарды (хабарларды) қабылдау немесе жеткізу шарт негізінде пошта операторының ақпараттық жүйесімен интеграцияланған, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден ақпаратты беру арқылы жүзеге асырылады.

3. Электрондық хаттарды (хабарларды) қабылдау және жеткізу мақсатында пошта операторлары меншікті ақпараттық жүйелері мен телекоммуникациялар желілерін немесе шарт негізінде үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелері мен телекоммуникациялар желілерін пайдаланады.

4. Пошта операторы алынған электрондық хаттарды (хабарларды) басып шығаруды және конвертке салуды жүргізетін үшінші тұлғаны шарт негізінде тартуға құқылы.

5. Пошта жөнелтілімі түріндегі электрондық хатты (хабарды) жіберу осы Заңда және пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

18-1-бап. Электрондық, гибридік поштаның көрсетілетін қызметтері

Электрондық поштаның көрсетілетін қызметтері аутентификацияланған көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылары арасында мұндай берудің жөнелтілуін және жеткізілуін растай отырып хабарламаларды, ақпаратты, хаттар мен құжаттарды электрондық түрде беруден және алынған хабарламаларды, ақпаратты, хаттар мен құжаттарды қауіпсіз сақтауды қамтамасыз етуден тұрады.

Гибридік поштаның көрсетілетін қызметтеріне гибридік жөнелтілімді жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

Пошта операторлары көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда берген өтінішке сәйкес көрсетілетін қызметтерді пайдаланушыларды ерікті негізде тіркеуді жүзеге асырады. Электрондық поштаның көрсетілетін қызметтерін аутентификациялау және ұсыну тәртібі пошта операторы мен көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы арасындағы пайдалану келісімі негізінде айқындалады.

Электрондық поштаның көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыны аутентификациялау электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырылады.

Пошта операторлары электрондық пошта штемпелін қолданады, ол хабарламаларды , ақпаратты, хаттар мен құжаттарды электрондық түрде беруді және көрсетілетін қызметтердің бір немесе бірнеше пайдаланушысы белгілі бір уақытта жүргізген операцияның төлнұсқалығын тиісті нысанда растау болып табылады.

Ескерту. 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу

1. Пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мынадай тәсілдермен:

1) қолма-қол ақшаны пайдаланып;

2) қолма-қол ақшасыз тәртіппен, оның ішінде электрондық ақшамен жүргізіледі.

3. Пошта операторы пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтерге шарт жасасқан кезде, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеудің бір немесе бірнеше тәсілі шарт талаптарында көзделеді.

4. Пошта операторы жөнелтушінің тапсырмасы бойынша адресаттан оған пошта жөнелтілімін табыс ету кезінде жөнелтуші айтқан үстеме төлем сомасын алуды және жөнелтуші көрсеткен мекенжайға оны жіберуді міндеттенеді. Үстеме төлемді пошта жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша және пошта операторларымен тиісті шарттар жасалған елдерге жіберу үшін қабылданады.

5. Адресат пошта жөнелтілімінен, оның ішінде үстеме төлемді пошта жөнелтілімінен бас тартқан жағдайда, пошта операторы жөнелтушіге пошта жөнелтілімін қайтарады, ол пошта жөнелтілімін алған кезде жөнелтілім кері жіберілгені үшін соманы төлеуге міндетті.

20-бап. Хабархат, хабарлама

1. Тіркелетін пошта жөнелтілімі межелі жері бойынша келіп түскені туралы хабархат пошта жөнелтілімін алушының электрондық абоненттік пошта жәшігіне электрондық тәсілмен жіберіледі, электрондық абоненттік пошта жәшігі болмаған жағдайда, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі болған кезде хабархат соған жіберіледі не қағаз жеткізгіште абоненттік пошта жәшігіне және (немесе) абонементтік жәшікке дейін жеткізіледі.

2. Пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарлама пошта байланысының қосымша көрсетілетін қызметі болып табылады, ол үшін жөнелтушіден тіркелетін пошта жөнелтілімін қабылдаған кезде төлемақы алынады және алушыға тіркелетін пошта жөнелтілімі табыс етілген кезде жөнелтушіге кері жіберіледі.

3. Тіркелетін пошта жөнелтілімін алу туралы хабарламаны ресімдеу және жіберу қағаз жеткізгіште не электрондық абоненттік пошта жәшігі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылады.

4. Пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарлама үшін тарифті жөнелтуші пошта операторының квитанциясын ала отырып, алдын ала төлейді.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Пошта жөнелтілімін қайтару, мекенжайды өзгерту немесе түзету

1. Жөнелтуші пошта жөнелтілімі:

1) адресатқа берілмеген;

2) жіберуге тыйым салынған заттар мен нәрселер тәркіленбеген немесе жойылмаған

;

3) межеленген елдің заңнамасы негізінде алып қойылмаған жағдайларда, пошта операторына пошта жөнелтілімін қайтару, мекенжайды өзгерту немесе түзету туралы талаппен өтініш жасайды.

2. Пошта жөнелтілімін қайтару, мекенжайды өзгерту және түзету жөнелтуші қосымша ақы төлеген кезде жүзеге асырылады.

22-бап. Пошта операторлары

1. Пошта операторларында қажетті материалдық-техникалық база мен білікті кадрлар, механикаландыру құралдары болуға, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға пошта жөнелтілімдерін Қазақстанның ішінде және одан тыс жерлерге жіберудің тарифтері, мерзімдері туралы ақпарат, сондай-ақ өзге де ақпарат беруге тиіс.

2. Пошта операторларының пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Пошта операторлары пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардан алған пошта жөнелтілімдерінің және пошталық ақша аударымдарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Пошта операторлары пошта жөнелтілімдері, пошталық ақша аударымдары, жөнелтушілер және адресаттар туралы мәліметтерді тек жөнелтушілер мен адресаттарға не олардың заңды өкілдеріне немесе сенімхат негізінде сенім білдірілген тұлғаларға береді. Көрсетілген мәліметтерді өзге жеке және заңды адамдарға беру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

5. Пошта операторлары пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін өндірістік объектілер, поштаматтар, пошташылар немесе курьерлер арқылы көрсетеді, сондай-ақ қызметтерді көрсету кезінде осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес меншікті пошта төлемінің белгілерін пайдаланады.

Пошта операторлары абоненттік пошта жәшіктері арқылы тізбесі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленетін пошта жөнелтілімдерін жеткізеді.

6. Пошта операторлары арасындағы өзара іс-қимыл шарттық негізде жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 216 және 217-баптарында көзделген қылмысы үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға,

немесе жеке тұлға құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлға пошта операторы бола алмайды.

8. Пошта операторлары қызметін осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Ұлттық пошта операторы

1. Ұлттық пошта операторының мынадай міндеттемелері болады:

1) уәкілетті орган бекіткен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынады;

1-1) ауылдық елді мекендерде осы Заңның 23-1-бабында көзделген қызметтерді көрсетеді;

2) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы пошта байланысы қызметтерін көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасында пошта индекстерін беру жөніндегі қағидаларға сәйкес жылжымайтын мүлік объектілеріне пошта индекстерін беруді жүзеге асырады;

4) алып тасталды – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) арнаулы пошта байланысының жұмыскерлерін нысанды киіммен, сондай-ақ өз жұмыскерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін шығаруды және өткізуді ұйымдастырады;

7) электрондық абоненттік пошта жәшіктерінің бірыңғай жүйесін құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

2. Ұлттық пошта операторы:

1) осы Заңның 9-бабы 2-тармағының 2), 3), 4), 5), 7) және 9) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген қызметтерді көрсетуге;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен брокерлік, дилерлік және трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға;

2-1) жасалған шарт негізінде бюджеттен көрсетілген қызметтер үшін сыйақы алу құқығымен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен кірістер тізбесі бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу үшін жеке тұлғалар мен мемлекеттік мекемелер өкілдерінен қолма-қол және қолма-қол емес ақша қабылдағаны үшін төлемақы алмай қызметтер көрсетуге;

3) банк операцияларының мынадай жекелеген түрлерін лицензиясыз:

заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, олардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді;

банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуды және жүргізуді;

кассалық операцияларды: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, буып-түюді және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауды және беруді;

аударым операцияларын: жеке және заңды тұлғалардың төлемдері мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындауды;

банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды, оның ішінде бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды инкассациялауды;

қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын;

терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жеке тұлғаның "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8-тармағында көзделген ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізу мақсатында банктік шотын ашуды және жүргізуді жүзеге асыруға;

4) төлем карточкаларын шығаруды, өткізуді және таратуды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тасымалдауды және сақтауды жүзеге асыруға құқылы.

3. Ұлттық пошта операторының жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, олардың банктік шоттарын ашу және жүргізу жөніндегі қызметін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, оның ішінде жекелеген пруденциялық нормативтерді белгілеу және лицензиялар беру арқылы реттейді.

Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсынады.

Ұлттық пошта операторы жедел депозиттерге тартатын халық салымдарының сақталуы оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға және өзге де өтімді қаржы құралдарына орналастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Ұлттық пошта операторының қаржы қызметін жүзеге асыруы және қаржылық қызметтер ұсынуы кезінде оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою

қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган Ұлттық пошта операторының пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін жүзеге асыруы кезінде оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

4. Ұлттық пошта операторы өзіне мемлекет жүктеген міндеттемелерді іске асыру мақсатында мәліметтер сұратады және алады не "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесіне кіру рұқсатын алады.

5. Ұлттық пошта операторы орналасқан жерінің мекенжайы бар және "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесіне енгізілген әрбір жылжымайтын мүлік объектісіне пошта индексін береді. Қазақстан Республикасының аумағында пошта индекстерінің бірыңғай базасын жүргізуді Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасында пошта индекстерін беру жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

6. Ұлттық пошта операторының басқа пошта операторларымен өзара іс-қимылы шарттық негізде жүзеге асырылады.

7. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған адамдар Ұлттық пошта операторының басшы қызметкерлері болып табылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Заңдарымен.**

23-1-бап. Ұлттық пошта операторының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге байланысты шығындарын өтеу

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын халықтың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуін мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер

көрсету саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес пошта байланысы бөлімшелерінде Ұлттық пошта операторы қамтамасыз етеді.

2. Ауылдық елді мекендерде тұратын халықтың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін жасауға және қамтамасыз етуге байланысты Ұлттық пошта операторының шығындары уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өтеледі.

3. Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендеріне қолма-қол ақшаны жеткізу жөніндегі шығындары (шығыстары) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайтын тәртіппен және шарттарда өтеледі.

Мұндай шығындар Ұлттық пошта операторының акциялар пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болған жағдайда өтеледі.

Ескерту. 23-1-баппен толықтырылды - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 17.11.2025 № 231-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 254-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидалары

Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында:

1) пошта операторларының пошта желісін ұйымдастыру және пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсету, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне кедергісіз қол жеткізу ;

2) пошта операторларының атаулы құрылғыларын пайдалану тәртібі;

3) пошта жөнелтілімдерін ресімдеу тәртібі, сондай-ақ пошта жөнелтілімдерінің түрлері және олардың техникалық сипаттамалары;

4) пошта жөнелтілімдерін және (немесе) пошталық ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету тәртібі, сондай-ақ пошта жөнелтілімі және (немесе) пошталық аударым бланкісінің нысаны;

5) халықаралық пошта жөнелтілімдерін қабылдау, өңдеу және табыс ету тәртібі;

6) пошта жөнелтілімдерін алу, өңдеу және тексеру тәртібі, сондай-ақ пошта жөнелтілімдерін сақтау мерзімдері;

7) пошта жөнелтілімдерін қосымша жіберу және қайтару;

8) операциялық күнді өткізу;

9) пошта жөнелтілімдерін кідірту, қарап-тексеру және алу тәртібі, сондай-ақ пошта желілері бойынша жіберуге тыйым салынған және шектеу қойылған заттар мен нәрселердің тізбесі;

10) пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібі;

11) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсынуға байланысты, осы Заңда көзделген өзге де ережелер қамтылуға тиіс.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезіндегі шектеулер және салынатын тыйымдар

1. Пошта жөнелтілімдерінде анықталған, жіберуге шектеу қойылған және тыйым салынған нәрселер мен заттар анықталған жерде осы Заңмен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен кідіріледі және алып қойылады.

2. Пошта жөнелтілімдерін қарап-тексеруге және оларды алуға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жол беріледі.

26-бап. Пошта операторларының қызметінде тілдерді қолдану

1. Қазақстан Республикасының аумағында пошта операторларының қызметтік іс жүргізуі қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағына мүше елдердің тағайындалған операторларымен және Дүниежүзілік пошта одағымен хат алмасуды Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде айқындалған тілде жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының шегінде жіберілетін пошта жөнелтілімдерін жөнелтуші мен алушының мекенжайы жөнелтушінің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде межеленген елдің тілінде немесе Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде белгіленген тілде ресімделуге тиіс.

3. Пошта операторларының қызметіне қатысты ақпараттық, анықтамалық және басқа да мәліметтер, сондай-ақ құжаттардың үлгілері "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қолжетімді жерлерде орналастырылады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Пошта байланысы саласында жергілікті уақытты қолдану

1. Пошта саласында қызметті жүзеге асыру кезінде пошта операторларының пошта жөнелтілімдерін жіберудің технологиялық процестерінде олардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасу жеріне қарай жергілікті уақыт қолданылады.

2. Пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларды көрсетілетін қызметтерді ұсыну уақыты туралы хабардар ету жергілікті уақыт бойынша жүргізіледі.

4-тарау. ПОШТА ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ ПОШТА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ

28-бап. Қазақстан Республикасындағы пошта желілері

1. Қазақстан Республикасының аумағында Ұлттық пошта операторы құратын ұлттық пошта желісі және пошта операторлары қалыптастыратын пошта желілері әрекет етеді.

2. Ұлттық пошта желісі Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі болып табылады.

3. Пошта операторлары, осы Заңда тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, пошта желілерін өзі дербес қалыптастырады.

29-бап. Пошта операторларының пошта желілерін жоспарлау және дамыту

1. Пошта операторлары пошта желілерін дамытуды өзі дербес жоспарлайды және жүзеге асырады.

Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынуды қамтамасыз ететін пошта желілерін дамыту уәкілетті орган бекітетін пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тұрғын үйлерді салу кезінде құрылысқа тапсырыс беруші абоненттік пошта жәшіктерін жобалау және орнату бойынша міндеттемені меншікті қаражаты есебінен көтереді.

30-бап. Пошта байланысының бөлімшелері

1. Пошта байланысының бөлімшелері пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға пошта саласындағы қызметтер көрсетілетін өндірістік объектілер болып табылады.

Пошта байланысының бөлімшелерін ашу және күтіп-ұстау қажеттілігін пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштері негізінде пошта операторы белгілейді.

Пошта байланысы бөлімшелерін жабу туралы шешім қабылданған кезде пошта операторы бұл туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін бөлімшені жабудың болжамды күнінен үш ай бұрын хабардар етеді.

2. Ұлттық пошта операторы пошта байланысы бөлімшелерінің:

1) орналастырылуы уәкілетті орган бекіткен пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асыралатын, пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қызметтер көрсетуге арналған стационарлық пошта байланысы бөлімшесі;

2) пошта саласында қызметтер көрсету үшін көлік құралдарының базасында, оның ішінде жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша құрылатын жылжымалы пошта байланысы бөлімшесі түрлерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға жылжымалы пошта байланысының бөлімшелері арқылы қызмет көрсету елді мекеннің орталық бөлігінде жүзеге асырылады. Жылжымалы пошта байланысы бөлімшелерінің көмегімен көрсетілетін қызметтермен пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларды қамтамасыз ету нормативтерін пошта операторы белгілейді.

4. Пошта операторлары өзінің қызметінде пошта байланысы бөлімшелерінің қажетті түрлерін өзі дербес айқындайды және пайдаланады.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Пошта маршруттары

1. Пошта операторларының пошта бағыттары пошта желісінің құрамдас бөлігі болып табылады және көлік құралдарын және (немесе) пошташыларды, курьерлерді пайдалана отырып пошта жөнелтілімдерін тасымалдау және жеткізу схемасын білдіреді.

2. Пошта маршруттарын пошта операторы облыс аралығындағы қалааралық, ауданаралық (облыс ішіндегі қалааралық), ауданішілік, қала маңы бойынша, қалалық (ауылдық) қазіргі бар маршруттарды, сондай-ақ елді мекендерді аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен байланыстыратын маршруттарды негізге алып, жоспарлайды.

3. Пошта маршрутын және көлік қозғалысының кестесін жасауды пошта операторлары пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің қолданыстағы сапа көрсеткіштеріне, пошта жөнелтілімдерін өңдеудің, тасымалдаудың және жеткізудің ішкі нормативтері мен мерзімдеріне сәйкес жүргізеді.

4. Пошта бағыттары туралы мәліметтер құпия ақпарат болып табылады. Мұндай ақпарат үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі талаптары сақтала отырып ашылады.

32-бап. Поштоматтар

1. Поштоматтар ғимараттар мен құрылысжайларда не көппәтерлі тұрғын үйлерде орналастырылуы мүмкін.

2. Ғимараттар мен құрылысжайлардың меншік иелері не олардың сенім білдірілген адамдары пошта операторларының көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну мақсатында поштоматтарды орналастыруы үшін оларға шарт негізінде аландар бере алады.

3. Көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

жиналыста пошта операторларының көрсетілетін пошта байланысы қызметтерін ұсыну мақсатында поштоматтарды орналастыруы үшін оларға кондоминиум объектісі мүлкінің бір бөлігін мүліктік жалдауға беру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Абоненттік пошта жәшіктері

1. Абоненттік пошта жәшіктері пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар және пошта операторларының пошташылары үшін қолжетімді жерлерде тұрғын және тұрғын емес ғимараттарда, жеке тұрғын үйлерде орнатылады және солардың меншік иелеріне тиесілі болады, олар уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес абоненттік пошта жәшіктерінің орналастырылуын және олардың тиісті жай-күйде күтіп-ұсталуын қамтамасыз етеді.

2. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың, жеке тұрғын үйлердің меншік иелері пошташылардың, курьерлердің абоненттік пошта жәшіктеріне кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті. Абоненттік пошта жәшіктері болмаған немесе ол ақаулы болған жағдайда, пошта операторы пошта жөнелтілімін өндірістік объекіден беруді жүзеге асырады.

3. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың, жеке тұрғын үйлердің меншік иелерінің шешімі бойынша абоненттік пошта жәшіктерінің орнатылуын, күтіп-ұсталуын және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер шарт бойынша кондоминиум объектісін басқару органына берілуі мүмкін.

4. Пошта операторлары электрондық хаттарды (хабарламаларды), құжаттарды және (немесе) гибридік жөнелтілімдерді жіберу кезінде электрондық абоненттік пошта жәшіктерін пайдаланады. Пошта операторлары электрондық абоненттік пошта жәшіктерін құруды және пайдалануды дербес жүзеге асырады. Электрондық абоненттік пошта жәшіктері пошта операторымен жасалған пайдалану келісімі негізінде пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға беріледі.

Пошта операторлары пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың электрондық абоненттік пошта жәшіктерін пайдалануының қауіпсіздігі мен құпиялылығын, сондай-ақ пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының жеке хат жазысу құпиясын қамтамасыз етеді.

5. Ұлттық пошта операторы кез келген пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы өзі өтініш жасаған кезде өтеусіз негізде жеке электрондық абоненттік пошта жәшігін ашады және оның тиісінше жұмыс істеуін, сондай-ақ пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының жеке хат алмасу құпиясының сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Электрондық абоненттік пошта жәшіктерінің бірыңғай жүйесі пошта жөнелтілімдерінің электрондық нысанда жіберілуін, оның ішінде Қазақстан

Республикасының барлық аумағында электрондық құжат айналымы шеңберінде қамтамасыз ететін Ұлттық пошта операторының жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында электрондық абоненттік пошта жәшіктерінің бірыңғай жүйесін құруды, оның жұмыс істеуін және дамуын Ұлттық пошта операторы қамтамасыз етеді.

7. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларды сәйкестендіру олардың дербес деректері (жеке сәйкестендіру нөмірі), заңды тұлғаларды сәйкестендіру бизнес-сәйкестендіру нөмірі арқылы жүргізіледі. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың деректерін растау мақсатында Ұлттық пошта операторы мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғаларының мемлекеттік дерекқорларына қолжетімділік алады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ұлттық пошта операторы мен мемлекеттік органдар арасында ақпараттық жүйелерді интеграциялау "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақтың үшінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Электрондық құжат айналымы шеңберінде электрондық хаттарды (хабарламаларды), құжаттарды және (немесе) гибридік жөнелтілімдерді беру "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Пошта операторларының атаулы құрылғылары

1. Пошта операторлары өндірістік объектілерді пошта жөнелтілімдерін жіберу процесінде қолданылатын атаулы құрылғылармен қамтамасыз етеді.

2. Пошта операторларының атаулы құрылғылары осы пошта операторының атауын көрсету арқылы Ұлттық пошта операторының өндірістік объектілері үшін белгіленген атаулы құрылғылардан ерекшеленуге тиіс.

3. Атаулы құрылғыларды пайдалану тәртібін пошта операторлары дербес айқындайды.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. Көлік құралдарын пайдалану

1. Пошта операторларына пошта операторы жұмыскерлерінің ілесіп жүруімен теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігінің барлық маршруттары мен желілері бойынша пошта жөнелтілімдерін шарттық жағдайларда тасымалдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тасымалдау үшін пошта жөнелтілімдерін беру құқығы беріледі.

2. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін және басқа да көрсетілетін қызметтерді ұсынатын пошта операторының автомобиль көлігінің және басқа да механикалық көлік құралдарының автомобиль жолдары, автомобиль, теміржол, су станциялары мен вокзалдарының, әуежайлардың аумақтарында орналасқан жүк және багаж кешендеріне, сондай-ақ теміржол станциялары мен вокзалдарының перрондары мен платформаларында пошта вагондарымен пошта жөнелтілімдерінің барлық түрлерін алмасу үшін жүріп өтуі бірінші кезекте және төлемсіз жүзеге асырылады.

Уақтылы пошта алмасу үшін теміржол станцияларына (темір жолдарға) теміржол составтарын беру кезінде пошта операторының автомобиль көлігі мен басқа да механикалық көлік құралдарының пошта вагонына еркін жүріп өтуі қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Ұлттық пошта операторына тиесілі көлік құралдарының арнайы нышаны болады және оның келісімінсіз пошта саласындағы қызметке жатпайтын көрсетілетін қызметтерді ұсыну және жұмыстарды орындау үшін пайдаланылмайды.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. ПОШТА ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

36-бап. Пошта операторларының көрсетілетін қызметтерінің сапасы

1. Пошта операторлары пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға осы Заңда және пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында белгіленген сапа мен нормаларға, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді ұсынуға жасалған шарт талаптарына сәйкес келетін көрсетілетін қызметтерді ұсынуға міндетті.

2. Пошта операторлары пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес барлық пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға тең жағдайларда көрсетеді.

3. Пошта жөнелтілімі адресатқа немесе оның заңды өкіліне немесе сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген адамына не парольді (пин-кодты) енгізу немесе штрих-кодты сканерлеу жолымен құқықты растау процесі арқылы адресаттың немесе жөнелтушінің келісімін алу жолымен үшінші тұлғаларға жеткізілген және (немесе) оны пошта операторы табыс еткен кезге дейін жөнелтушіге тиесілі болады.

Пошталық ақша аударымы адресатқа жеткізілген және (немесе) оны пошта операторы табыс еткен кезге дейін жөнелтушіге тиесілі болады.

Пошта жөнелтілімін табыс ету мүмкін болмаған жағдайда, мұндай жөнелтілім жөнелтушіге кері қайтарылады.

Алушының қайтыс болуы, жөнелтуші көрсеткен мекенжай бойынша алушының болмауы не алушы пошта жөнелтілімін алудан бас тартуы себебінен табыс етілмеген пошта жөнелтілімі талап етілмеген кезде жөнелтуші пошта операторына қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда пошта жөнелтілімін қайтарудан бас тарту туралы өтініш береді, ол кейіннен пошта операторының иелігіне түседі.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсету ерекшеліктері

1. Пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар Қазақстан Республикасы заңнамасының пошта жөнелтілімдерінде, пошталық ақша аударымында мекенжайды ресімдеу қағидаларын белгілейтін, сондай-ақ олардың ішіндегісіне қойылатын талаптарын сақтай отырып, пошта жөнелтілімдерін тапсыруды және алуды жүзеге асырады.

2. Пошта операторынан пошта төлемінің белгілерін сатып алған жағдайда, пошта операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы пошта жөнелтілімін пошта төлемінің көрсетілген белгілері сатып алынған операторға операциялық терезе арқылы пошта жөнелтілімін тапсыруға міндетті.

3. Пошта операторлары ақпараттық жүйе болған кезде пошта саласындағы қызметтерді автоматтандырылған (электрондық) құрылғылар, жабдық, ақпараттық жүйелер арқылы көрсетуге, сондай-ақ оларды пошта саласында қызметтер көрсету процестерін автоматтандыру және оңтайландыру үшін пайдалануға құқылы.

Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсету ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалану арқылы мүмкін болады.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың құқықтарын қорғау

1. Пошта операторлары пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға тиісті сападағы көрсетілетін қызметтерді ұсынуына, қызметтер көрсету туралы ақпаратты алуына арналған олардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ осындай құқықтарды іске асыру тетігі "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

2. Пошта операторы пошта байланысының қызметтерін көрсеткен кезде уәкілетті орган бекітетін пошта операторының қызметтерді көрсетуіне қажетті және жеткілікті пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың дербес деректерінің бірыңғай тізбесіне сәйкес пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының дербес деректерін жинауды, жинақтауды, пайдалануды және сақтауды жүзеге асырады.

Пошта операторлары пошта жөнелтілімін қабылдау немесе табыс ету алдында пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының дербес деректерді жинауға, жинақтауға, пайдалануға және сақтауға өтінішін (келісімін) алуға міндетті. Мұндай келісім электрондық цифрлық қолтаңба пайдаланыла отырып, электрондық түрде немесе автоматтандырылған (электрондық) құрылғылар, жабдық пайдаланыла отырып немесе "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы ақпараттық жүйелер жолымен келісім алынғанын растайтын өзге де тәсілмен не қағаз жеткізгіште қол қойғызып алынады.

Пошта операторы пошта байланысының әмбебап қызметтерін көрсеткен кезде дербес деректерді жинауды, жинақтауды, пайдалануды және сақтауды пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жүргізеді.

3. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушы тіркелетін пошта жөнелтілімдерін пошта операторының пошта жөнелтілімдерін қабылдау пунктінде өзі немесе оның өкілі жеке басты куәландыратын құжатты көрсету арқылы не пошта операторының пошташысы немесе курьері арқылы жөнелтуді жүргізеді. Жөнелтуші дербес деректерді жинауға, жинақтауға, пайдалануға және сақтауға келісім беруден бас тартқан жағдайда, пошта операторы пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыдан пошта жөнелтілімін қабылдаудан бас тартуға міндетті.

4. Тіркелетін пошта жөнелтілімін қабылдау кезінде пошта операторы алушының дербес деректерін оның келісімінсіз жинауды, жинақтауды, пайдалануды және сақтауды жүзеге асырады. Пошта операторы пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыға тіркелетін пошта жөнелтілімін табыс еткен кезде, алушы жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді және пошта операторына дербес деректерді жинауға, жинақтауға, пайдалануға және сақтауға келісімін береді. Алушы

дербес деректерді жинауға, жинақтауға, пайдалануға және сақтауға келісім беруден бас тартқан жағдайда, пошта операторы алушыға пошта жөнелтілімін табыс етпейді және жөнелтушіге пошта жөнелтілімін кері жіберуге міндетті.

Дербес деректерді жинауға, жинақтауға, пайдалануға және сақтауға келісім электрондық цифрлық қолтаңба пайдаланыла отырып, электрондық түрде немесе автоматтандырылған (электрондық) құрылғылар, жабдық пайдаланыла отырып немесе "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы ақпараттық жүйелер жолымен келісім алынғанын растайтын өзге де тәсілмен не қағаз жеткізгіште қол қойғызып алынады.

5. Пошта операторлары және дербес деректерге қол жеткізе алатын, жедел-іздістіру , қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негізсіз олардың таралуына жол бермеу талаптарын сақтау арқылы құпиялылықты қамтамасыз етеді.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. ПОШТА БАЙЛАНЫСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

39-бап. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралары

1. Пошта операторлары пошта байланысының қызметтерін көрсету кезінде өз құзыреті шегінде пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар мен жұмыскерлер денсаулығының және өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

2. Пошта операторлары жеке тұлғалардың тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберуге ашық күйінде қабылдайды. Пошта операторлары пошта жөнелтілімдеріндегі заттардың, нәрселердің және тауарлардың сәйкестендірілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдарды қолданады.

Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін қабылдау кезінде пошта операторы белгіленген тәртіппен жөнелтушіні сәйкестендіруге және оның деректерін тіркеуге міндетті. Поштаматтармен жабдықталған объектілерде пошта жөнелтілімдерін қабылдау және табыс ету пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыны сәйкестендіруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ рұқсатсыз кіруді болдырмауға мүмкіндік беретін техникалық құралдар қолданылып жүзеге асырылады.

3. Пошта операторлары пошта жөнелтілімдерін жіберу процесінде оларда тыйым салынған заттар мен нәрселерді анықтауға бағытталған шараларды қолданады. Пошта операторлары пошта жөнелтілімдерінде тыйым салынған заттар мен нәрселерді

анықтау мақсатында пошта жөнелтілімдерінде тыйым салынған заттар мен нәрселерді ашпай анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құралдарды, жабдықты және бейнетіркеу жүйелерін пайдаланады.

Пошта жөнелтілімдерін жіберу кезінде пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес тыйым салынған заттар мен нәрселер анықталған жағдайда, пошта операторлары құқық қорғау органдарына және арнаулы мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті. Пошта жөнелтілімдерін ашу олар анықталған жерде уәкілетті органдар өкілдерінің және пошта операторы жұмыскерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

4. Пошта жөнелтілімін жөнелтуші пошта жөнелтіліміндегі заттар мен нәрселер үшін белгіленген тыйым салуды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Ұлттық пошта операторының пошта қауіпсіздігі жүйесі

1. Ұлттық пошта операторының пошта қауіпсіздігі жүйесі пошта, банк құпиясын, қызметтік және коммерциялық құпияны, пошта жөнелтілімдерін рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғауды, пошта жөнелтілімдері мен ақшаның жоғалу және ұрлану жағдайларын болдырмау шараларын, пошта жөнелтілімдеріндегі заттар мен нәрселерді жіберу бойынша шектеулерді сақтауды, сондай-ақ пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Қауіпсіздік режимін шарт негізінде тартылатын жеке күзет ұйымы немесе "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық пошта операторы құрған күзет ұйымы сақтайды.

Жеке күзет ұйымдары немесе Ұлттық пошта операторы құрған күзет ұйымы пошта байланысы инфрақұрылымы объектілерінің, пошта көлігінің, қызметтер көрсету кезінде жұмыскерлер мен пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың қауіпсіздігін және қорғалуын, пошта жөнелтілімдерін рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ пошта жөнелтілімдері мен ақшаны бөтен адамдардың ұрлауын болдырмайды.

7-тарау. ПОШТА БАЙЛАНЫСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

41-бап. Халықаралық ынтымақтастық

Пошта байланысы саласындағы халықаралық ынтымақтастық халықаралық шарттар , Дүниежүзілік пошта одағының актілері және осы Заң негізінде жүзеге асырылады.

42-бап. Тағайындалған оператор

1. Уәкілетті орган операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидаларына сәйкес пошта қызметтерін пайдалануды

және Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен туындайтын, өзіне қатысты міндеттемелердің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуын қамтамасыз ету мақсатында пошта операторын тағайындалған оператор етіп тағайындауды жүзеге асырады.

2. Тағайындалған оператор:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы, оның ішінде шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы барлық елді мекендерде пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың барлығы үшін пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін тұрақты негізде көрсетуді;

2) жазбаша хат-хабарды қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және жеткізуді;

3) салмағы жиырма килограмға дейінгі жіберілімдерді қабылдауды, өңдеуді, тасымалдауды және жеткізуді;

4) жауап қайтарылатын халықаралық коммерциялық хат-хабарды қайтаруды;

5) төлемге халықаралық қайтарым купонын қабылдауды;

6) Дүниежүзілік пошта одағына мүше басқа да елдердің тағайындалған операторларының халықаралық пошта жөнелтілімдерінің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне және осы Заңға сәйкес пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін жүзеге асырады.

4. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен және осы баптың 1-тармағынан туындайтын міндеттемелерді орындамаған кезде, уәкілетті орган пошта операторынан тағайындалған оператордың өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кері қайтарып алады.

5. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың аумағында халықаралық пошта алмасу орындарын құрады. Тағайындалған оператор халықаралық пошта алмасу орындарының қажетті санын, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

Тағайындалған оператор Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде халықаралық пошта жөнелтілімдерін алмасу және өңдеу орындарын құруға құқылы және мұндай қызметті Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде және халықаралық пошта жөнелтілімдерін алмасу және өңдеу орны құрылатын шет мемлекеттің заңнамасында көзделген шарттарда жүзеге асырады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.04.2019 № 243-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43-бап. Халықаралық пошта алмасу және халықаралық пошта транзиті

1. Халықаралық пошта алмасу және халықаралық пошта транзиті Дүниежүзілік пошта одағы актілеріне, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттарға және актілерге, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес Дүниежүзілік пошта одағы органдарында халықаралық пошта алмасу орындарын ресми тіркеуді жүзеге асыруға міндетті.

3. Қазақстан Республикасы тарапынан халықаралық пошта алмасуды және халықаралық пошта транзитін тағайындалған оператор Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттарға және актілерге, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына және осы Заңға сәйкес жүзеге асырады.

4. Халықаралық пошта алмасу мен транзит тағайындалған оператор меншікті қаражаты есебінен құратын халықаралық пошта алмасу орындарында жүзеге асырылады.

5. Дүниежүзілік пошта одағының мүшелері болып табылатын шет мемлекеттердің басқа тағайындалған операторлары халықаралық пошта жөнелтілімдерімен алмасу және өңдеу орындарын Қазақстан Республикасының аумағында құруы уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

44-бап. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезінде міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылық

1. Пошта операторы пошта жөнелтілімінің жөнелтушіден қабылдап алған кезден бастап алушыға немесе оның заңды өкіліне немесе сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген адамына не парольді (пин-кодты) енгізу немесе штрих-кодты сканерлеу жолымен құқықты растау процесі арқылы адресаттың немесе жөнелтушінің келісімін алу жолымен үшінші тұлғаларға берген кезге дейін сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Пошта операторы:

1) тіркелетін пошта жөнелтілімі жоғалған, зақымданған (бүлінген) немесе тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселер, заттар немесе тауар жетіспеген;

2) пошта жөнелтілімін жіберудің мерзімдері бұзылған жағдайларда жауапты болады

3. Тіркелетін пошта жөнелтілімі жоғалғаны, зақымданғаны (бүлінгені) немесе тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселер, заттар немесе тауар жетіспегені үшін пошта операторы мынадай мөлшерде:

1) құндылығы жарияланған пошта жөнелтілімінің жоғалғаны немесе толық зақымданғаны (бүлінгені) үшін – жарияланған құндылығының құны және жіберу үшін төленген тариф мөлшерінде;

2) тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселер, заттар немесе тауар тізімдеме бойынша жіберілген кезде, тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселердің, заттардың немесе тауардың жетіспегені, жоғалғаны немесе құндылығы жарияланған тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселердің, заттардың немесе тауардың бір бөлігінің зақымданғаны (бүлінгені) үшін – жөнелтуші тізімдемеде көрсеткен, жетіспеген, жоғалған немесе зақымданған (бүлінген) нәрселердің, заттардың немесе тауардың бір бөлігінің жарияланған құндылығының құны мөлшерінде;

3) тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселердің, заттардың немесе тауардың жетіспегені, тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселер, заттар немесе тауар тізімдемесіз жіберілген кезде, құндылығы жарияланған тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселердің, заттардың немесе тауардың бір бөлігінің жоғалғаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін – жетіспеген, жоғалған немесе зақымданған (бүлінген) нәрселердің, заттардың немесе тауардың бір бөлігінің массасы оның нақты құнына қарай жіберілетін тіркелетін пошта жөнелтілімінің (пошта жөнелтілімі тысының массасынсыз) массасына қатынасы пропорционалды айқындалатын тіркелетін пошта жөнелтілімінің жарияланған құндылығы құнының бір бөлігі мөлшерінде;

4) өзге де тіркелетін пошта жөнелтілімінің жоғалғаны немесе толық зақымданғаны (бүлінгені) үшін – төленген тарифтің екі еселенген сомасы мөлшерінде;

5) нәрселердің, заттардың немесе тауардың жетіспегені немесе нәрселердің, заттардың немесе тауардың бір бөлігінің жоғалғаны немесе өзге тіркелетін пошта жөнелтілімі нәрселерінің, заттарының немесе тауардың бір бөлігінің зақымданғаны үшін – төленген тарифтің сомасы мөлшерінде;

б) пошталық ақша аударымының жоғалғаны үшін – пошталық ақша аударымының сомасы және жіберу үшін төленген тариф мөлшерінде жауаптылықта болады.

3-1. Пошта операторы жарияланған құндылық үшін тариф төленген жағдайда құндылығы жарияланған пошта жөнелтіліміне жауапты болады.

4. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымын жіберудің мерзімдерін бұзғаны үшін пошта операторы кешіктірілген әрбір күн үшін төленген тарифтің үш пайызы мөлшерінде, бірақ көрсетілген қызмет үшін төленген тариф сомасынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Пошта жөнелтілімін әуе көлігімен жіберудің мерзімдерін бұзғаны үшін пошта операторы пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыға әуе және жерүсті көлігімен жіберу үшін төлем тарифтерінің арасындағы айырманы төлейді.

5. Егер міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күштің немесе пошта жөнелтіліміндегі нәрселердің, заттардың немесе тауардың ерекше қасиеттерінің салдарынан болғаны дәлелденсе, пошта операторы тіркелетін пошта жөнелтілімінің ішіндегі нәрселер, заттар немесе тауардың жоғалғаны, зақымданғаны (бүлінгені) немесе тіркелетін пошта жөнелтілімінің жетіспегені, пошта жөнелтілімін және пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылардың пошталық ақша аударымын жіберудің мерзімдерін бұзғаны үшін және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген өзге де негіздер бойынша жауаптылықтан босатылады.

6. Пошта операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар:

1) ерекше қасиеттеріне орай пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған заттар мен нәрселердің пошта жөнелтілімінде анықталуының салдарынан;

2) пошта желілері арқылы жіберуге қабылданған нәрселердің, заттардың немесе тауардың тиісінше буып-түйілмеуі салдарынан туындаған, пошта операторына келтірілген нұқсан үшін жауаптылықта болады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

45-бап. Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

46-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-баптың 1-тармағының үшінші бөлігін, 39-баптың 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Пошта туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат) күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК